

АНЫҚТАМА

Мектептің өзін-өзі басқару жұмысына буллингтің алдын алу шараларын енгізу туралы

Мектепте білім алушылар арасында қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және буллингтің алдын алу мақсатында мектептің өзін-өзі басқару ұйымының жұмысына бірқатар профилактикалық шаралар енгізілді.


Өзін-өзі басқару ұйымы оқушылардың белсенділігін арттырумен қатар, құрдастар арасындағы сыйластықты, жауапкершілікті және өзара қолдауды дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізуде. Осы бағытта төмендегі іс-шаралар ұйымдастырылды:

- «Буллингке жол жоқ!» тақырыбында түсіндіру сағаттары өткізілді;
- Оқушылар арасында достық, толеранттылық және қарым-қатынас мәдениетін насихаттайтын акциялар ұйымдастырылды;
- Психолог мамандармен бірлескен тренингтер мен пікірталас алаңдары өткізілді;
- Сенім жәшігі мен анонимді сауалнама жұмыстары енгізілді;
- Әлеуметтік желілер арқылы кибербуллингтің алдын алу бойынша ақпараттық материалдар таратылды;
- Өзін-өзі басқару ұйымының белсенді мүшелері «Тату орта елшілері» ретінде оқушыларға қолдау көрсету жұмыстарына тартылды;
- Қиын жағдайға тап болған оқушылармен жеке әңгімелесу және қолдау көрсету шаралары ұйымдастырылды.

Аталған жұмыстардың нәтижесінде оқушылар арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық деңгейі артып, мектептегі психологиялық ахуалды жақсартуға ықпал етті. Сонымен қатар, білім алушылардың буллинг мәселесіне қатысты ақпараттану деңгейі жоғарылап, құқықтары мен міндеттері туралы түсініктері кеңейді.

Алдағы уақытта да мектептің өзін-өзі басқару ұйымы буллингтің алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырады.

Жауапты ДТЖО



А.М.Каепов